

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ
Ақтөбе облысы филиалы

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Ауылды дамыту перспективалары»

Орындаушы: Бердыбаева Ляззат Ертлесовна -
Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округінің әкімі

Ақтөбе қаласы 2024 ж.

Кілт сөздер: ауыл, ауыл халқы, инфрақұрылым, ауылдық-елді мекен

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі ауылды дамыту болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан ауыл халқының және еңбек ресурстарының елеулі үлес салмағы бар, мұндай үрдісті ұзақ уақыт бойы сақтайтын аумақ ретінде қарастырылады және олардың тыныс-тіршілігі үшін қалыпты жағдай жасау орасан зор маңызға ие. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте ауыл халқының 85%-ы тұратын перспективалы тірек ауылдарды дамыту қажеттігі туралы атап өтті. Елді мекендер инфрақұрылыммен: жолдармен, қолжетімді байланыспен және Интернетпен, қазіргі заманғы білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт объектілерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Бүгінгі таңда ауылдық аумақтарды дамыту халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру процесін жандандырумен, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасының қазіргі заманғы стандарттарына сай келетін ауылдарда тұруын қамтамасыз ететін ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымын (АЕМ) жаңғыртумен сипатталады. Республикада 6,6 мыңнан астам АЕМ бар, онда 8 млн-ға жуық адам тұрады. Әлеуметтік-экономикалық дамуды айқындау критерийіне сәйкес 1314 АЕМ жоғары даму әлеуетіне, 4795 — орташа және 460 — төмен даму әлеуетіне сәйкес келеді. Қарастырылып отырған кезеңде даму әлеуеті жоғары АЕМ саны өсті (14-тен 20% — ға дейін), ал орташа (74-тен 73% — ға дейін) және төмен (12-ден 7% — ға дейін) төмендеді. [2] 2009 жылдан 2022 жылға дейін ауылдың қала халқына арақатынасы пайыздық арақатынаста 45%-дан 38%-ға дейін төмендеді. Қатынас статистикасы төмендегі кестеде келтірілген

Негізгі бөлім

Ауылды дамыту проблемаларын шешу мемлекеттің агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) саласындағы саясатының тиімділігіне байланысты. Сондықтан ауылдың болашағы, әлеуметтік саясат стратегиясы және ауылдағы инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылады. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған, халықтың АЕМ-де тұруын қамтамасыз ететін, өмір сүру сапасының заманауи стандарттарына сай келетін «Ауыл-ел бесігі» арнайы жобасын іске асыруға үлкен үміт артылады.

Жобаның нысаналы индикаторлары: 2021 жылға қарай — ауыл халқының өмір сүру жағдайларын 2018 жылғы 57%-ға қарағанда 64%-ға дейін жақсарту; 2030 жылға қарай ауыл халқының кемінде 80% ауылда тұру сапасының қазіргі заманғы стандарттарымен қамтамасыз ету, тауарлар мен қызметтер өнімі көлемінің 2017 жылмен салыстырғанда кемінде 2,5 есе өсуі. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайларын жақсарту үшін өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. 2021 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы қабылданды [8]. Жобаның мақсаты еңбек өнімділігін екі жарым есе арттыру, агроөнеркәсіптік кешен өнімінің экспортын 2 есе ұлғайту және отандық өндірістің әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларымен қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті АӨК құру болып табылады. Жобаны іске асыру нәтижелері бойынша: ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға еңбек өнімділігін 6,2 млн теңгеге дейін ұлғайту; АӨК өнімінің экспортын 6,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайту, өңделген өнімнің үлесін 70%-ға ке дейін жеткізу; ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысын 2019 жылы 115,4 мың теңгеден 2025 жылы 230,8 мың теңгеге дейін арттыру; 1 млн ауыл тұрғынының табысын ұлғайту; 1 млн ауыл тұрғынының табысын ұлғайта отырып экожүйеге 350 мың фермерлік және үй шаруашылығын тарту; ауыл шаруашылығында 500 мыңға дейін адамды жұмыспен қамтамасыз ету, оның ішінде: — 100 мың тұрақты жұмыс орны, — 400 мың маусымдық жұмыс орны. Мемлекеттің үлкен жұмыс жүргізіп жатқанын және Қазақстанның ауылдық өңірлерін дамыту үшін қомақты қаражат бөлуіне қарамастан, бірақ бүгінгі күнге дейін шешілмеген проблемалар бар. «Ауыл отбасының әлеуметтік портреті» социологиялық зерттеуінің сарапшылары [9] қазақстандық ауыл отбасыларын толғандыратын үш негізгі проблеманы анықтайды: 50% — материалдық (төмен жалақы, ақша тапшылығы), 32% — тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар, 15% — жұмысқа орналасу проблемалары.

Ауылдық аумақтарды дамытудың жағымсыз үрдістерінің бірі жастар санының азаюы (16% - ға) және зейнеткерлер санының өсуі (33% - ға) болып табылады, бұл еңбекке қабілетті жастағы адамдардың ауылдан қалаға қоныс аударуымен түсіндіріледі. Бұл процестің негізгі себебі дамыған инфрақұрылымды ескере отырып, өмір мен еңбектің ең қолайлы әлеуметтік жағдайларын іздеу екенін атап өткен жөн.

Ендігі кезекте Ақтөбе облысының Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округте қарасты Қаракөл және Жаңатұрмыс елді-мекендері орналасқан. Округтің халық саны- 760 адам, 7 ұлт өкілі тұрады.

Елді мекенде 1 орта, 1 негізгі мектеп бар. 1 бөбекжай бақшасы, 1 мәдениет үйі, 1 ауылдық клуб, 1 дәрігерлік амбулатория, 1 фельдшерлік пункт, 1 кітапхана, 1 ветеринарлық бөлім, 4 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 37 шаруа қожалығы, 7 жеке кәсіпкер бар. «Орқаш орман және жануарлар дүниесін қорғау» мемлекеттік мекемесіне қарасты орманшылар қызметкерлері, Қазпошта бөлімшесі, электр желісі мен коммуналшы саласының мамандары, үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметкерлер және №45 өрт сөндіру бекеті орналасқан.

Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округте WLL CDMA-450 сымсыз байланыс торабы мен Интернеттің Мегалайн және Beeline ұялы байланыс түрлері қосылған.

Ағымдағы жылы көшелерді жарықтандыру бойынша жөндеу жұмыстарына – 1 982 400 теңге қаражат бөлінді. Жөндеу жұмыстарын ұтып алған мердігер- «Тесла плюс» ЖШС (Қандыағаш қаласы) жөндеу жұмысын жүргізді.

Жолдарды күтіп ұстауға 12 372 737,5 теңге қаражат бөлінді. Қаракөл-Жұрын жолдарын күтіп ұстауға – 7 429 000 теңге қаражат бөлінді. Мердігер «DSI групп» ЖШС. Жаңатұрмыс-Жұрын жолдарын күтіп ұстауға – 4 943 737,50 теңге қаражат бөлінді. Мердігер «Ислам» шаруа қожалығы.

Жаңатұрмыс (16-дан)- Жұрын ауыларалық жолына көтерме жол салуға (щебеньнен) сметалық құжаттар жасалып жатыр.

А.Жұбанов атындағы жалпы білім беру орта мектебінде 28 педагог, 20 кіші қызметкер бар. Аталмыш білім беру ұйымының мектепалды даярлық тобында – 10 бала тәрбиеленсе, 1-11 сыныптарда 102 оқушы білім алады. Оқу үлгерімі 100%. Білім сапасы: 60,7 %.

Биыл А. Жұбанов атындағы ЖББ орта мектепті күрделі жөндеуден өткізу үшін 244 млн 788 мың теңге қаражат бөлінген. Мердігер «КварцСпецСервис» ЖШС. Жөндеуге берілетін уақыт- 5 жарым ай. 1 қыркүйекке дейін 1 корпус мектеп аяқталып, бүгінгі күнге 2 корпус аяқталуға жақын қалды.

Жаңатұрмыс негізгі мектебінде 16 педагог қызмет етеді. Мектеп алды даярлық тобын қосқанда, оқушылар саны- 29, Оқу үлгерімі 100%.

Ауылдық округке қарасты Қаракөл ауылында №7 «Айгөлек» жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйымы өз жұмысын жасайды. Балабақшада 1 топ – 25 бала тәрбиеленеді, жастары 2 жастан бастап 5 жас аралығы. 19 адам жұмыспен қамтылған (от жағушыларды қоспағанда), 5-педагог, 14-кіші қызметкер бар.

Қаракөл дәрігерлік амбулаториясына 3 медициналық пункт қарайды, олар Жаңатұрмыс МП, Сабындыкөл МП және Ащысай МП. Қаракөл дәрігерлік амбулаториясына қарасты барлық қызметкерлер саны- 17. Оның ішінде аға дәрігер-1, медбике-9, кіші қызметкерлер-3, жай қызметкер -4.

Жаңатұрмыс медпунктке -1 медбике, Кіші қызметкер -1, жай қызметкер-1.

2024 жылдың 10 айы бойынша 13 нәресте дүниеге келіп, 5 адам қайтыс болды. Флюорография жоспары -591, орындалғаны -554. Гриппол вакцинация : Ақысыз -78 доза, оның ішінде «Д» есепте тұрғандар-49. 14 жасқа дейінгі балалар-18. Медицина қызметкерлері-8, жүкті әйелдер-3. Ақылы – 91 доза. А.Жұбанов атындағы ЖББ орта мектеп-30, Жаңатұрмыс НОМ-13, №7 Айгөлек бөбекжай бақшасы-17, Әкімшілік-6, Орман шаруашылығы-15, Мәдениет үйі-2, ШҚ-1, Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округке қарасты мәдениет үйі, ауылдық клубы және кітапханасы мәдени іс-шараларын жылдық жоспарларына сәйкес жүргізуде.

Қаракөл мәдениет үйінде-5 адам, Жаңатұрмыс ауылдық клубында 3 адам, кітапханада 1 адам жұмыс жасайды. Кітапхана қоры-15040, оның ішінде мемлекеттік тілде-3349, 2024 жылы келіп түскен жаңа әдебиеттер кітаптар саны – 74 дана, оның ішінде мемлекеттік тілде – 68 дана. 2024 жылға пайдаланушылар саны – 306, кітап берілімі – 5072, келушілер саны – 2475. Келіп түскен мерзімді басылымдар «Асыл сөз» газеті, «Мұғалжар» газеті және «Балдырған» журналы.

Қаракөл ауылдық кітапханасында 9 айда атқарылған іс – шара саны – 51 іс-шара. Жоспардан тыс – 11. Қатысым – 496, қаралым – 12100.

Биыл Қаракөл Мәдениет үйіне күрделі жөндеуге 240 195 808 теңге қаражат бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеу жұмыстарына берілген уақыт- 7 ай.

«Орқаш орман және жануарлар дүниесін қорғау» мекемесінде 29 адам жұмыс жасайды. Осы мекемеге қарасты өрт сөндіру бекеті салынып, аяқталды.

Ауылдық округке қарасты 37 шаруа қожалығы бар. Аталған шаруа қожалықтары мен ауыл тұрғындарының ауылшаруашылық құрылымдарда- 5400 бас ірі-қара, 6600 бас қой және ешкі, 2300 бас жылқы, 9 бас түйе, 1337 бас құс бар. Ауылшаруашылық техника -78.

Ауылдық округтің елді – мекендерінде 310 еңбекке жарамды адам бар, аудандық жұмыспен қамту орталығында 8 адам тіркеуде тұрған. Сегізі де қоғамдық жұмыспен қамтылды.

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде, мал алуға 4 адам Талдыков Алпысбай, Төкен Ботакөз, Ерниязов Ағарыс, Сексембай Нұрболат ниет білдіріп құжаттары тапсырылды. А. Талдыков пен Б. Төкеннің жобалары мақұлданып, Б. Төкен қаражатын алды, А. Талдыков өзі алудан бас тартты. А. Ерниязов пен Н. Сексембайдың құжаттары СПК-ға тапсырылып, құжаттары мақұлданды.

Ұлттық жоба бағдарламасы бойынша шаруа қожалықтарға жұмыссыздарды жұмыспен қамту туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде Заманай» ШҚ, «Нұрболат» ШҚ, «Мереке» ШҚ, «Рысбек» ШҚ, «Елпаш» ШҚ, «Байшуақ» ШҚ, «Бақытназар» ШҚ, 8 жұмыссыз жұмысқа орналасты.

Ауылдық округте 2 айлық санитарлық тазалық жұмыстары тұрақты жүргізіліп, нәтижесінде 487 тонна күл-қоқыс шығарылды. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдындыру үшін 500 түп тал көшеттері отырғызылды.

Ауылда «Жасыл ел» жасақтары жұмыс жасауда. Бағдарлама аясында маусым-тамыз айларында 16 жастан жоғары жастар мерзімдік жұмыспен қамтылды.

Ауылдық округ бойынша түнгі рейд және мал ұрлығын алдын алу бойынша іс-шаралар үздіксіз жүргізілуде. Ауылдық учаскелік полиция инспекторы заңсыз балық аулау және заңсыз аң аулау бойынша және ортақ пайдаланатын жерлерді ластау, абаттандырылған елді мекеннің қағидаларын бұзу бойынша жекелеген азаматтарға хаттамалар толтырды.

Ауылдық округтегі барлық мекемелерден, шаруа қожалық басшыларынан демеушілік жасалды. Атап айтқанда, 1 наурыз «Алғыс айту» күніне және 8 наурыз – «Халықаралық әйелдер күніне» сыйлықтар алынып, табысталды. Сонымен қатар, Ауыл бекіткен жамағаттарға жергілікті әкімшілікте ас берілді. «Орқаш бастау» қоғамдық қоры, жеке кәсіпкер Г. Бердыбаева, жеке кәсіпкер М.Елжанов және қамқоршылық кеңесі мүшелерінің қолдауымен 1 маусым – «Халықаралық балаларды қорғау» күніне демеушілік жасалып, сыйлықтар таратылды.

«1 қазан – Халықаралық қарттар күніне» орай Қаракөл ауылында «Қария сөзі-ақылдың көзі» тақырыбында мерекелік шара өтіп, ауылдағы қарттарға мекемелер мен ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлерінің демеушілігімен сыйлықтар табысталды.

18 қазан – Құтқарушылар күнімен ауылдық округтегі өрт сөндірушілері мен орман шаруашылығы қызметкерлерін жергілікті әкімшілік атынан «Алғыс хат» пен естелік сыйлықтар табысталды.

«Орқаш орман және жануарлар дүниесін қорғау» мекемесінен 500 түп тал көшеттері тегін берілді.

Ауылдық округтегі дамбыларды көтеру жұмыстарын «DSI Group» ЖШС-нің директоры Н. Ж. Атаева ұйымдастырып жасады.

Қаракөл ауылының кіре берісіне жарықтандыру жазумен арка жұмыстарын Исенов Бекболат ұйымдастырып жатыр.

Қорытынды

Қазіргі уақытта ауылдағы өмірді жақсарту бағытында, әсіресе ауылдық жерлердің жастар үшін танымал болмауына байланысты мақсатты саясат жүргізілуде.

Ауылдың тұрақтылығына көші-қон, халықтың өмір сүру деңгейі, жұмыссыздық, инфрақұрылымның нашарлығы, даму перспективаларының болмауы және т. б. факторлар әсер етеді.

Ауылды өмір сүруге қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету үшін мәселелердің тұтас кешенін шешу қажет.

Ауылдарда Қазақстан халқының шамамен 42% тұрады. Бұл қазақстандық ауылдарды сақтау бағытында жұмыс істеу қажеттігін растайды, олардың саны біртіндеп азаюы мүмкін.

Ауылдар санының азаюы өз кезегінде мемлекет тұрақтылығының жоғалуына әкелуі мүмкін: азық-түлік қауіпсіздігінің бұзылуы, тұрақты даму және т. б.

Бұл бағыттың экономикалық әсері жаңа өндірістерді, ауыл кәсіпкерлігін, салаларды дамыту, ауыл экономикасының өсуі болып табылады. Әлеуметтік әсер жаңа жұмыс орындарын құру, ауыл халқының жұмыспен қамтылуы мен табысын арттыру, жұмыссыздықты қысқарту болады.

Ұсыныстар

Соңғы жылдары болып жатқан түбегейлі өзгерістерді ескере отырып, ауылдық аумақтарды дамытудың жаңа пәрменді тетіктерін қалыптастыруға деген ұмтылыс өсуде. Осыдан шығады:

- біріншіден, экономикалық белсенді ауыл халқы үшін еңбек саласындағы әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету проблемаларын шешу, бұдан басқа ауыл жастары үшін-тұрғын үй, Білім берудегі әлеуметтік кепілдіктер;

- екіншіден, ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және ауыл экономикасының басқа да салаларында өндірістің өсуінің негізгі факторы ретінде жұмыспен қамту проблемасын шешу;

- үшіншіден, ауылдық еңбектің уәждемесін арттыру, жалақының өсуін, ауыл халқының табысын арттыруға деген сенімділікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау

Әдебиет

1. Акимбекова Ч.У., Досумова Ж.С. Повышение благосостояния сельского населения Казахстана // Проблемы агрорынка, июль-сентябрь – 2019.С. 169.
2. Тулиндинова Ж. Нам нужна не урбанизация, а деурбанизация. Интернет ресурс. - 2019, <http://ia-centr.ru/experts/zhanar-tulindinova/experty-sleduyushciy-god-v-kazakhstanemog-by-stat-godom-mnogodetnykh-semeu>.
3. Интернет ресурс. <https://primeminister.kz/ru/news/a-mamin-poruchil-chlenam-pravitelstva-proinspektirovat-realizaciyu-proekta-auyl-elbesigi-vo-vseh-regionah-299373>.